

## Қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 11 маусымдағы N 173

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан:

Қызылорда облысының әкіміне - жағалауды бекіту жұмыстарын жүргізуге және Сырдария өзені арналарының аса қауіпті учаскелерін түзетуге 8 (сегіз) млн. теңге;

Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне - Түркістан ауданында болған дауылдың, Төле би және Түлкібас аудандарындағы жаңбырдан болған су басудың зардаптарын жоюға 6 (алты) млн, теңге, оның ішінде қираған тұрғын үйлерді қалпына келтіруге 4,2 млн. (төрт миллион екі жүз мың/теңге және табиғи апаттардан зардап шеккен халыққа материалдық көмек көрсетуге 1,8 (бір миллион сегіз жүз мың) теңге бөлінсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне табиғи апаттардың зардаптарын жою жөніндегі шығыстарды жабуға жетпеген сомаларды жергілікті бюджет қаражаттары және басқа да қосымша көздердің есебінен алу ұсынылсын.

3. Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне 1997 жылдың қорытындысы бойынша бөлінген қаражаттардың пайдаланылуы туралы есепті ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр